

Пән: Әдебиеттік оқу	4всынып Пән мұғалімі:	Келісемін: Бекітемін:
Тақырыбы:	Ә.Қайранов «Байлық тұмасы»	
Мақсаты:	а)Өлеңді түсініп оқу арқылы оның мағынасын ашуға жағдай туғызу. ә)Балалардың шығармашылық дағдыларын шындау, белсенділігін арттыру б)Білуге,зерттей оқуға мүмкіндік бере отырып, айналасындағылардың пікірін тыңдап,оған құрметпен қарауға,ұқыптылыққа үйренуге талпындыру.	
Күтілетін нәтиже:		
Керекті жабдықтар:	«Әдебиеттік оқу» оқулығы, стикер, маркер, магнит	
Тапсырмалар:	Постер қорғау, бес жолды өлең, РАФТ, хат жазу, кесте толтыру	
Бағалау	Бағдаршам, қолпаштау, саусақ белгілері кері байланыс POST-It	
Сабақ барысы		
Сабақ кезеңдері:	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе.	<p>Психологиялық дайындық.</p> <p>Оқушылармен амандасу, түгендеу,сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.</p> <p>Күнге қолдарыңызды созындар.</p> <p>Күннің жомарт сәулелері ананың нәзік алақанындай аялайды,сипалайды,жылытады.</p> <p>Сиқырлы күн барлық өкпе мен мұңды ерітіп жібереді.</p> <p>Жүрегімізді жылу мен махаббатқа толтырады.</p> <p>-Міне, жүрегіміздегі осындай жылумен сабағымызды бастаймыз.</p> <p>Байлық » дегенді қалай түсінесіңдер? «Тұма»дегенді қалай түсінесіңдер?</p> <p>Тұма – бұлақтың бір түрі, қоры суларымен жалпы алғанда арынсыз жер асты суларымен толығып отыратын су көзі. Тұманың ағын күші болмайды.</p>	<p>Оқушылар амандасады.</p> <p>Күн жылуын алақанға саламын, Жүрегіме басып ұстай қаламын</p> <p>Ізгі әрі нәзік,жарық, мейірімді, Болып кетер сонда дереу жан-жағым.</p> <p>Бір-біріне,өзіне жылу сыйлайды,ынтымақта сады.</p> <p>Топқа бөлінеді.</p> <p>1-топ: Мұнай 2-топ : Газ</p>
Тұсау кесу	<p>Маңғыстау даласының «байлық тұмасы» деп аталуы неліктен?</p> <p>Маңғыстау облысы-Қазақстан Республикасының қиыр оңтүстік-батысында орналасқан ірі әкімшілік бірлігі.</p> <p>Маңғыстау облысы Атырау облысымен және Түркіменстан Республикасымен және Каспий теңізі арқылы Әзірбайжан,Иран елдерімен шектеседі.</p> <p>Облыс 1973 жылы 20 наурызда құрылды. 1988 жылдың 2 маусымында таратылып 1990 жылдың 17 тамызында тарихи «Маңғыстау» деген атпен қайта облыс құрылды.Облыс орталығы-Ақтау қаласы.</p> <p>Қазақстанның теңізбен байланыстыратын жалғыз су бекеті Ақтау халықаралық теңіз сауда порты бар.Маңғыстау жерінің тумасы жазушы Әбіш Кекілбайұлы Маңғыстауды «Ұйқыдағы аруға» теңеген.</p> <p>Маңғыстау аймағы ежелгі кезеңдерден бері мал шарушылығымен айналысқан.Топырағы</p>	<p>Постер қорғайды.</p> <p>Ресурспен жұмыс.</p> <p>Маңғыстау туралы білетіндерін толықтырады.</p>

	<p>сортаң, өсімдігі бұталы, ащылы, қысы ұзақ емес, бірақ желді, қара суық ызғырықты, ылғалы аз, көктемі.</p>	
<p>Негізгі бөлім</p>	<p>Өлеңді мәнерлеп оқу. Авторлар портретін көрсету.</p> <p>Өлеңді іштей оқыту. Өлеңді оқып беру. Балалар түсініксіз сөздерді түртіп отырады.</p> <p style="text-align: center;">Ә.Қайранов.</p> <p>1958 жылы 28 ақпанда Шығыс Қазақстан облысы Ақсуат ауылында дүниеге келген</p> <div style="text-align: center;"> <pre> graph TD A[Әбубәкір Қайранов] --> B[Мұғалім] A --> C[Ақын] A --> D[Жазушы] </pre> </div> <p style="text-align: center;">Ф.Оңғарсынова.</p> <div style="text-align: center;"> <pre> graph TD A[Фариза Оңғарсынова] --> B[Қазақ ақыны] A --> C[Халық жазушысы] A --> D[Журналист] A --> E[ҚР парламентінің мәжіліс депутаты] </pre> </div> <p>1939 жылы 5 желтоқсанда Атырау облысы Новобағат ауданына қарасты Манаш ауылында туған</p> <p>Топпен жұмыс.</p> <p>1-топ тапсырмасы Мұнай – теңіз сол екен, қасиеті оның мол екен» деген жолдарды қалай түсінесіңдер?</p> <p>Мұнай - көмірсутектер қоспасы болып табылатын, жанатын майлы сұйықтық; қызыл-қоңыр, кейде қара түске жақын, немесе әлсіз жасыл-сары, тіпті түссіз түрі де кездеседі; өзіндік иісі бар; жерде тұнбалық қабатында орналасады; пайдалы қазбалардың ең маңызды түрі. Мұнайды ертеректе «тас майы» деп атаған, болашағы зор екенін болжаған орыс ғалымы М.В. Ломоносов, Пенсильванияда ең алғаш рет мұнай ұңғымасы бұрғыланғанға дейін жүз жыл бұрын, мұнайдың шығуы жайлы өзінің бірегей теориясын ұсынған еді</p>	<p>Сөздікпен жұмыс . Шүпілдеген шарасы – Толы ыдыс сияқты Қақ жарып жер өзегін – жер қойнауынан тесіп шығады.</p> <p>Асырады кемерден – ернеуден, жағалаудан асып кету.</p> <p>Екінші өлеңді кезекпен шумақпен оқыту</p> <p>Өлеңнің әр жолына сұрақ-жауап арқылы талдау жасау.</p> <p>Мұнай туралы білетіндерін ортаға салады.</p>

Қорытынды	<p>Топпен жұмыс. Деңгейлік тапсырма.</p> <p>1-топ. Мұнай сөзіне бес жолды өлең.</p> <p>1. Зат есім-мұнай 2. Сын есім-қара, майлы 3. Етістік-ағады, жанады, қоюланады. 4. Сөйлем-Мұнай-көмірсутектер қоспасы 5. Мәндес сөз-тас майы.</p> <p>2-топ Қазба байлықтарына бай өлкелерді оқындар қалай жырлаған? (Мақтаныш сезіммен)</p>	<p>Қазба байлықтарына бай өлкелерді оқындар қалай жырлаған? (Мақтаныш сезіммен) «Мұнай» өндіруші компанияларға хат жолдау. Р – Эколог А – Мұнай өндіруші компаниялар Ф – хат жазу Т – «Мұнай өндірісінің табиғатқа залалы»</p>
Үйге тапсырма	<p>1. Ұнаған өлең жолдарын жаттап келу. 2. Күнделікті тұрмыста қазба байлықтарын қалай пайдаланатынын мысалдармен дәлелдеп жазу.</p>	<p>Рефлексия Бүгінгі сабақтан не ұғындық? Қандай әсер алдыңдар (Стикерге жазып жапсыру)</p>

Бағалау парағы

Тапсырма	Ұпайлар	1	2	3	Хат жазу	Қорытынды ұпай
Топпен жұмыс. 1. "Байлық деген не?" Постермен жұмыс 2. "Тұма дегеніміз ол..." Постермен жұмыс						
Жаңа сабақты түсіну Маңғыстау туралы....						
Деңгейлік тапсырма 1. «Бес жолды өлең» 2. Кестемен жұмыс						

Бағалау шкаласы

13 – 14 "5"
10 – 12 "4"
7 – 9 "3"